



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

23.05.2025

Алматы қаласы

№ 39

город Алматы

### **«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы»**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты болып заңгер Б.Ұ.Ізбасар белгіленсін.

2. «Қамқор» Әлеуметтік үйі» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) төмендегі құрамда бекітілсін:

**Жұмыс тобының Төрағасы:** Т.М. Туманшиев – директор

**Жұмыс тобының мүшелері:**

К.Т. Казыбеков – директор орынбасары;

А.М.Касымова – бас есепші;

Э.У.Бартаева – бағалау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

Ғ.І.Дәркенбаев – шаруашылық меңгерушісі;

А.К. Мусабаева – кадрлар жөніндегі инспекторы.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары осы бұйрыққа № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Жұмыс тобы «Қамқор» Әлеуметтік үйі» КММ-нің қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2025 жылғы 09 маусымнан бастап 2025 жылғы 09 шілдеге дейін мынадай бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізісін:

1) персоналды басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдарды анықтау;

2) мүдделер қақтығысына көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5) ұйымдық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілген ақпарат жинау және қорыту жұмыстары аяқталғаннан кейін 2025 жылғы 09 шілдеге дейінгі мерзімде талдамалық анықтама жасалсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Т. Туманшиев